

**"Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін анықтау туралы "Риддер қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 тамыздағы № 811 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 204 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 08 сәуірде № 4476 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 846 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 28.12.2020 № 846 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21 - бабына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3485 тіркелген, 2014 жылғы 26 қыркүйекте № 39 "Лениногорская правда" газетінде жарияланған) Риддер қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 тамыздағы № 811 қаулысын келесі өзгеріс енгізілсін: кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына, 139 – бабының 9 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 31 - бабы 2 тармағына сәйкес Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**.

2. Осы қаулы, оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Риддер қаласының әкімі*

*Ж. Мұратов*

**"Келісілді"**

*Риддер қалалық*

*мәслихатының хатшысы*

*И. Панченко*

2016 жыл "25" наурыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК